

1-сахна — Соңы (хаос сәті)

Локация: Тастанды ғимарат (заброшка), жарық аз, ауада шаң.

Камера: Баяу актерге жақындайды.

- Кадр 1: Қара экран → ауыр дем алу дыбысы естіледі.
- Кадр 2: Актер жерде отыр, басын ұстап, иығы түсіп кеткен.
- Дыбыс: Құлақтағы гүріл, алыстан айқайлар, аяқ дыбыстары.
- Ішкі монолог (жаңғырықпен):

“Мен тек ертеңге қалдырдым... Ал ертең бәрі өзгерді.”

- Іс әрекет: Бейтаныс адам (силуэт) жақындап, иығынан жеңіл итереді. Актер басын көтеріп қарайды — көзі абыржулы. Кенет қара экран.

2-сахна — Қара экран және сұрақтар

Дыбыс: Актердің даусы жаңғырықпен, арасында пауза:

“Мен кім боламын?..”

“Қателессем ше?..”

“Кеш болмай ма?..”

3 сахна

Локация: Жарығы жұмсақ, шағын кафешка. Үстелде кофе мен тәттілер. Артқы фондағы әуен баяу естіледі.

- Үш дос бір үстелде отыр, әңгіме болашақ жайында.

Дос 1 (жігіт, шабыттанып):

— Мен болашақта мобилограф боламын деп шештім. Видео түсіру, монтаж жасау — осының бәрі маған қатты ұнайды. Көшеде, іс-шараларда, тіпті саяхатта да әдемі кадрлар түсіргім келеді. Бұл — қазір өте керемет мамандық!

Дос 2 (қыз, қуанышпен):

— Ал мен дизайнер боламын деп шештім. Киім үлгілерін ойлап табу, сызу, сән әлеміне үлес қосу — бала кезден армандап келемін.

Басты кейіпкер (иығын көтеріп, жайбарақат):

— Ал мен... әлі ойланбадым. Уақытым бар деп ойлаймын. Өзірге нақты шешкен жоқпын.

Дос 1:

— Бірақ уақыт тез өтеді ғой.

Басты кейіпкер (күліп):

— Иә, білем... Бірақ қазір ойласам, басым қатып кетеді. Ертең бір қарармын...

- Камера оның жүзін жақыннан көрсетеді: сырттай бейқам, бірақ көзінде белгісіз алаң бар.

4сахна — Досымен PlayStation клубында

Локация: Компьютер клубы, экран жарығы, шулы орта.

- Ол досымен шутер ойнап, күліп отырады.
- Ішкі монолог: “Ойлануға әлі үлгеремін... ертең.”
- Камера жүзін көрсетеді — сәл ойлана бастағанда, досы итеріп жібереді:

Досы: “Әй, кезегің келді!”

- Ол қайтадан ойынға кіріседі.

5 сахна — Алғашқы хаосқа қайта оралу

Локация: Тағы да тастанды ғимарат.

- Ол отыр немесе тұрып тұр, айналасында дыбыс хаосы.
- Камера айнала түсіріп, кадр қараяды.
- Соңғы сөз (жаңғырықпен):

“Ертең жоқ.”